



Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 ж. 15 қараша N 1289. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халық шаруашылығының барлық салалары үшін ортақ қызметкерлердің біліктілік топтары бойынша сараланған жаңа разрядаралық тарифтік коэффициенттері бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін Бірыңғай тариф кестесі негізінде еңбекке ақы төлеудің жаңа шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысының 1-тармағының үшінші абзацы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 40, 604-бап/ қызметкерлердің біліктілік топтары бойынша сараланған разрядаралық тарифтік коэффициенттерге қатысты жері;

"Бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің еңбекақысы аз қызметкерлерін қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 888 қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993ж., N 38, 442-бап/.

3. Осы қаулы 1994 жылғы 1 желтоқсанның бастап күшіне енгізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған республикалық бюджетті анықтау кезінде қосымша қаражат бөлуді көздендірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 15 қарашадағы
N 1289 қаулысына

Қосымша

Қызметкерлердің білікті топтары бойынша

сараланған разрядаралық тарифтік коэффициенттер

Разряд	Тарифтік коэффициент
1	2,00
2	2,40
3	2,69
4	3,02
5	3,39
6	3,81
7	4,28
8	4,80
9	5,16
10	5,54
11	5,95
12	6,40
13	6,87
14	7,39
15	7,94
16	8,53
17	9,16
18	9,85
19	10,58
20	11,73
21	13,08

